

Уәлиханов ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 3-29с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 ақпанда N 3092 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 2015 жылғы 4 қарашадағы N 6-35с шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 04.11.2015 N 6-35с шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабының 2-3 тармағына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысысына сәйкес Уәлиханов аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Қоса берілген Уәлиханов ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасы бекітілсін.
2. Осы шешім оны алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылдың 1 қантарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

V шақырылған  
XXIX сессия төрагасы

Уәлиханов аудандық  
мәслихаттың қатшысы  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Солтүстік Қазақстан  
облысының әкімі  
2014 жылғы желтоқсан

A. Валеев

B. Кәдіров

E. Сұлтанов

# **Уәлиханов ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары**

1. Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағида), әлеуметтік көмек көрсетудің тәртібін, мөлшерлерін белгілейді және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындайды.

## **1. Жалпы ережелер**

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен үғымдар:

1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша аудан әкімінің шешімімен құрылатаң комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – облыстағы статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган – Солтүстік Қазақстан облысы "Уәлиханов ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) уәкілетті ұйым – "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетакы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" респубикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

9) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін ауылдық округ әкімінің шешімімен құрылатаң комиссия;

10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

3. Осы қағидалар Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының аумағында тұрақты тұратындарға тарайды.

4. Осы қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының әкімдігімен "Уәлиханов ауданының

жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – Алушылар) өмірлік қын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы құндер мен мереке құндеріне ақшалай көмек көрсету болып табылады.

5. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабында және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

6. Атаулы құндер мен мерекелік құндерге әлеуметтік көмек жылсайын көрсетіледі. Өмірлік қын жағдайға тап болғанда көмек бір рет қана көрсетіледі.

7. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы құндер мен мереке құндерінің тізбелерін, сондай-ақ жеке санатқа Алушыларға әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі мен мөлшері осы Қағиданың 1 қосымшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облыстық жергілікті атқарушы органдың келісілген біркелкі мөлшерде белгілейді.

8. Участекілік және арнайы комиссиялар өз қызметін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

9. Әлеуметтік төлемдер 451-007-000 "Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бағдарламасы бойынша, бөлінген бюджеттік қаражат шегінде екінші деңгейлі банктер немесе "Қазпошта" акционерлік қоғамы арқылы ақшалай қаражатты әлеуметтік көмек алушының жеке есеп шотына аудару жолымен жүргізілсін.

## **2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі**

10. Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан өмірлік қын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмекке жүгінгеннен кейін көрсетілген жағдайдың алты айынан аспайтын мерзімінде ғана, 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (бұдан әрі – АЕК) артық емес әлеуметтік көмек көрсетіледі.

11. Эрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындауды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді.

Өмірлік қын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздемелердің түпкілікті тізбесі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған негіздемелер;

- 2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;
- 3) облыстық статистика органымен жасалаған есеп бойынша 1,5 ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы;
- 4) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің тіс протездеуге мұқтаждығы, кіріс есебінсіз тапсырылған шот-фактура құнының мөлшерінде ( қымбат металдан және металл керамика, металл акрилден жасалған протездерден басқа) екі жылда бір реттен артық емес;
- 5) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің Қазақстан Республикасының санаторийлері мен профилакторийлерінде санаторлық-курорттық емделуге мұқтаждығы, кіріс есебінсіз санаторлық-курорттық емделуге 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жылына бір рет;
- 6) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық көрсетілетін қызметтерді және отынға төлеуге мұқтаждығы, кіріс есебінсіз 5 АЕК мөлшерінде, ай сайын;
- 7) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне монша және шаштарараз қызметтерін көрсету мұқтаждығы, кіріс есебінсіз 1 АЕК мөлшерінде, ай сайын;
- 8) мүгедектерді жеке оналту бағдарламасы болған жағдайда, барлық топтағы мүгедектерге Қазақстан Республикасының санаторийлері мен профилакторийлерінде санаторлық-курорттық емделуге мұқтаждығы, кіріс есебінсіз 50 АЕК мөлшерінде, жылына бір рет;
- 9) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан күндізгі нысанды бар жоғары кәсіби білім органдарда аз қамтылған азаматтарды оқыту үшін, жан басына шаққандағы орташа табысы, көрсетілген мерзімде кедейлік шегінен аспайтын жағдайда, тиісті оқу жылының оқу құны, бірақ 200 АЕК артық емес жағдайда;
- 10) туберкулездің белсенді түрімен ауыратын тұлғалардың мұқтаждығы тоқсан сайын кіріс есебінсіз 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде денсаулық сақтау мекемесінен анықтама көрсетуі бойынша;
- 11) "Әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 2018 Қаулысына сәйкес әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар бар болған азаматтарға жан басына шаққандағы орташа табысы, көрсетілген мерзімде кедейлік шегінен аспайтын жағдайда, емделудің құны бойынша, бірақ 200 АЕК артық емес жағдайда.
12. Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы

қорытынды шыгарған кезде бекітілген азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негізdemелер тізбесін басшылыққа алады.

### **3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі**

13. Атаулы құндер мен мереке құндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының әкімдігі бекітілген тізім бойынша көрсетіледі.

14. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе ауылдық округтың әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

- 1) жеке басын күеландыратын құжаты;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаты;
- 3) осы қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес адамның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қыын жағдайдың туындағанын растайтын актіні және/немесе құжатты ұсынады.

15. Құжаттар салыстырып тексеру үшін тұпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың тұпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

16. Өмірлік қыын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе ауылдық округтің әкімі бір жұмыс құні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияға жібереді.

17. Участекелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс құні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы қағидаларға 3, 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындауды және оларды уәкілетті органға немесе ауылдық округ әкіміне жібереді.

18. Ауылдық округ әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс құні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

19. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

20. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына

байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

21. Уәкілетті орган участелік комиссиядан немесе ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

22. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

23. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

24. Осы қағидалардың 21 және 22 көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

25. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

26. Белгіленген негіздемелердің біреуі бойынша әлеуметтік көмек күнтізбелік бір жыл ішінде қайта көрсетілмейді.

27. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған жағдайларда;
- 3) әлеуметтік көмек көрсету үшін тұлғаның (отбасының) орташа жанға шаққандағы кірісінің асуы.

28. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру ауданның бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

#### **4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер**

## 29. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы Уәлиханов ауданын шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

30. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

## 5. Қорытынды ереже

31. Әлеуметтік көмек көрсете мониторингі мен есепке алуды үәкілдettі орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Уәлиханов ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына 1-қосымша

**Әлеуметтік көмек көрсете үшін атаулы құндер мен мереке құндерінің тізбесі, атаулы құндер мен мереке құндері алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмектің еселігі мен мөлшері**

№ п/ с	А л у ш ы л а р	санаттары					Әлеуметтік көмек мөлшері мен еселігі
		15	акпан	-	Ауган	аумағынан	әскерді
1	Бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегендеге); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауганстанға жіберілген әскери міндептілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауганстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауганстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуларап жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауганстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жарапланған, контузия алған немесе закымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған	Жылына бір рет - 15 айлық есептік					

жұмысшылар	мен	қызметшілер	көрсеткіш
2 Бұрынғы КСР Одағын корғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жарапануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауганстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндеттің өтеу кезінде ауруға шалдыгуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер.			Жылына бір рет - 15 айлық есептік көрсеткіш
3 Басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жарапануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттагы жұмысшылар мен қызметшілер.			Жылына бір рет - 15 айлық есептік көрсеткіш
4 Ауганстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жарапанудың, контузия алудың, закымданудың немесе ауруңа шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы.			Жылына бір рет - 15 айлық есептік көрсеткіш
5 1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауганстанға және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқада мемлекеттерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер.			Жылына бір рет - 15 айлық есептік көрсеткіш
6 Бұрынғы КСР Одағы Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Ауганстанда уақытша, болған және совет әскерлерінің шектелген құрамына енбеген жұмысшылары мен қызметшілері.			Жылына бір рет - 15 айлық есептік көрсеткіш
8 наурыз – Халықаралық әйелдер			күні
1 "Алтын алқамен", "Күміс алқамен", I және II дәрежелі "Ана Даңқыны" ордендерімен марапатталған немесе бұрын "Ардақты ана" атағын алған көп балалы аналар.			Жылына бір рет - 5 айлық есептік көрсеткіш
26 сәуір – Чернобыль атом электро стансасындағы апартты еске алу күні			
1 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апарттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апарттар мен авариялардың зардалтарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар.			Жылына бір рет - 15 айлық есептік көрсеткіш
2 Чернобыль АЭС-індегі апарттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апарттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек			Жылына бір рет - 15 айлық есептік

	болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары.	көрсеткіш
3	Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасы.	Жылына бір рет - 15 айлық есептік көрсеткіш
4	Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, азаматтардың, сондай-ақ азаматтардың отбасы.	Жылына бір рет - 15 айлық есептік көрсеткіш
5	1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағынандағы балаларды қоса алғанда.	Жылына бір рет - 15 ай-лық есептік көрсеткіш

9 мамыр – Женіс күні

1	Ұлы Отан соғысының қатысуышылар мен мүгедектері.	Жылына бір рет – 50 айлық есептік көрсеткіш (2015 жылғы 9 мамырды қоспағанда )
2	Қорғанысина қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттарымен зейнетақы тағайында үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары.	Жылына бір рет - 5 айлық есептік көрсеткіш
3	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының еркіті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысина қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген женілдік шарттарымен зейнетақы тағайында үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдар.	Жылына бір рет - 5 айлық есептік көрсеткіш
4	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар.	Жылына бір рет - 5 айлық есептік көрсеткіш

Жылына

5	Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одактастарына қарсы ұрыс кимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар.	бір рет - 5 айлық есептік көрсеткіш
6	Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жузы құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы КСР Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теніз және өзен флотының, Солтүстік теңіз және жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мұдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері әкипаждарының мүшелері.	Жылyna бір рет - 5 айлық есептік көрсеткіш
7	Қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар.	Жылyna бір рет - 5 айлық есептік көрсеткіш
8	Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одактастары құрган концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстau орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары.	Жылyna бір рет - 5 айлық есептік көрсеткіш
9	Әскери міндеттін орындау кезінде жарапануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс кимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндеттін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар.	Жылyna бір рет - 5 айлық есептік көрсеткіш
10	1944 жылдың 1 қантарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украина ССР-і, Беларусь ССР-і, Литва ССР-і, Латыш ССР-і, Эстон ССР-і аумақтарында кимыл жасаған 10 халықты қорғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндеттін атқаруға кезінде жарапануы, контузия алуы немесе зақымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар.	Жылyna бір рет - 5 айлық есептік көрсеткіш
11	Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі корғау топтары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасы, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасы.	Жылyna бір рет - 5 айлық есептік көрсеткіш
12	Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (куйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдыгудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмадан әйелдері (куйеулери).	Жылyna бір рет - 5 айлық есептік көрсеткіш
		Жылyna бір рет - 5

							айлық есептік көрсеткіш (2015 жылғы 9 ма-мырды косағанда )	
13	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мәнсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар.	2015	жылғы	9	мамыр	-	Женіс	күні

1	Ұлы Отан соғысының катысуышылар мен мүгедектері.	Жылына бір рет – 100 ай-лық есептік көрсеткіш
2	Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мәнсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар.	Жылына бір рет - 25 айлық есептік көрсеткіш

7 мамыр – Отанды қорғау күні

1	Бұрынғы КСР Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндеттің өтеу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сактау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және катардағы құрам адамдарының отбасы.	Жылына бір рет - 5 айлық есептік көрсеткіш
2	Бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы.	Жылына бір рет- 5 айлық есептік көрсеткіш

31 мамыр – Саяси қуғын – сүргін құрбандағын еске алу күні

1	Бұрынғы КСР Одағы аумағында саяси қуғын-сүргіннен тікелей зардап шеккен және қазіргі кезде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдар.	Жылына бір рет - 15 айлық есептік көрсеткіш
2	Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне қуғын-сүргіндер қолданылғанға дейін тұрақты өмір сүрген адамдар мына төмендегі жағдайларда танылады: 1) бұрынғы КСРО Одағынан тыскары жерлерде қуғын-сүргіндерді кеңес соттары мен басқа да орталықтарда танылады; 2) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді) тұрақты армия әскери трибуналдарының айыптауы; 3) Қазақстаннан тыскары жерлерде әскери қызмет атқару үшін шақырылғаннан кейін қуғын-сүргіндердің қолдануы; 4) қуғын-сүргіндерді орталық одактық органдар: КСРО Жоғарғы Соты мен оның сот алқаларының, СКРО Айрықша бас саяси Басқарма алқасының, КСРО Ішкі істер халық комиссариаты – Мемлекет Қауіпсіздігі министрлігі – Ішкі істер министрлігі жаңындағы айрықша кеңстің, КСРО Прокуратурасы мен КСРО іскі істер халық комиссариатының Тергеу Истері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша	Жылына бір рет - 15 айлық есептік

	к о л д а н у ы ;	көрсеткіш
	5) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларға қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық жасағаны үшін сottalған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта қараудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, күғын-сүргіндердің қолданылуы жағдайларында танылады.	
3	KСР Одағы мемлекеттің өкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға және Қазақстанның күштеу арқылы құқыққа қарсы қоныс аударуға ұшыраган адамдар да танылады.	Жылына бір рет - 15 айлық есептік көрсеткіш
4	Ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру орындарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси күғын-сүргіндер құрбандарының балалары, сондай-ақ қуған-сүргіндер құрбандарының балалары танылады.	Жылына бір рет - 3 айлық есептік көрсеткіш
30	тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы	күні
1	Қазақстан Республикасына сінірген ерекше енбекі үшін зейнетакы тағайындалған адамдар, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мәртебесі бар зейнеткерлер, облыстың, қаланың (ауданның) құрметті азаматтары.	Жылына бір рет - 10 айлық есептік көрсеткіш

Уәлиханов ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына 2-қосымша

Отбасыны тіркеу номірі \_\_\_\_\_

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

(Өтініш берушінің Т.А.Ә.) (үйінің мекенжайы, тел.)

P/c №	Отбасы мүшелерінің	Т.А.Ә. Өтініш берушіге	туыстық қатынасы	Туған жылы

Отініш берушінің қолы \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_

Отбасының құрамы туралы мәліметтерді куәландыруға уәкілетті органның лауазымды адамының Т.А.Ә. \_\_\_\_\_  
(қолы)

Уәлиханов ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің

және мұқтаж азаматтардың жекелеген  
санаттарының тізбесін айқындаудың  
қағидаларына 3-қосымша

Өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының)  
мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру АКТИСІ

20\_\_ ж. "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(елді мекен)

1. Отініш берушінің Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

2. Тұратын мекенжайы \_\_\_\_\_

3. Отініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген туындаған өмірлік қызын  
жағдай

---

---

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) \_\_\_\_\_ адам,  
оның ішінде:

P/ с №	T.А.Ә	Тұған күні	Отініш берушіге туыстық қатынасы	Жұмыспен қамтылуы ( жұмыс, оку орны)	Жұмыспен қамтылмау себебі	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер	Өмірлік қызын жағдай

Еңбекке жарамды барлығы \_\_\_\_\_ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері \_\_\_\_\_ адам.

Балалардың саны: \_\_\_\_\_  
жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар \_\_\_\_\_ адам, оқу  
күны жылына \_\_\_\_\_ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, Ұлы Отан соғысы  
мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысына қатысушыларына және Ұлы Отан соғысы  
мүгедектеріне теңестірілгендердің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт  
адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктер, туберкулез,  
адамның иммунитет тапшылығы вирусы) бар адамдардың, мүгедектердің,  
мүгедек балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу керек)

---

---

---

---

5. Өмір сүру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзгеше – көрсету керек):

---

---

---

Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар:

---

---

---

Отбасының табысы:

P/ Табысы бар отбасы с мүшелерінің (оның ішінде № етініш берушінің) Т.А.Ә.	Табыс түрі	Өткен тоқсандағы табыс сомасы (т е н г е ) ортапен тоқсанға есеппен айна	Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы участке, малы және құсы), саяжай және жер участкесі (жер үлесі) туралы мәліметтер

6. Мыналардың:  
автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылды, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

---

---

казіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс) \_\_\_\_\_

---

---

---

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

---

---

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

---

9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі \_\_\_\_\_

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы \_\_\_\_\_

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстым: \_\_\_\_\_

Өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы

Тексеру жүргізілуден бас тартамын \_\_\_\_\_ өтініш берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) Т.А.Ә. және қолы, күні

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Уәлиханов ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына 4-қосымша

Участковая комиссия № \_\_\_\_\_ корытындысы

20 \_\_ ж. \_\_\_\_\_

Участковая комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларына сәйкес өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде

(қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы)

адамға (отбасыға) өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты

әлеуметтік көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қолдары) (Т.А.Ә.)

Корытынды

қоса берілген құжаттармен \_\_\_\_ данада

20 \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_" қабылданды

Құжаттарды қабылдаған кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің немесе уәкілетті орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК